



# ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Палестинада жаңартылған Иудаизм



**Дәрістің мақсаты:** Вавилон тұтқынына келгеннен кейінгі және христиандық қалыптасқанға дейінгі кезеңдегі иудаизмнің дамуы.

**Яхвениң аманаты.** Нәтижесінде иудейлерде тарихи оптимизм ғана емес, сонымен қатар, эйфория, болашаққа деген үлкен үміт, ал тұтқыннан оралуды зор жеңіс, салтанат ретінде қарастырады. Дегенмен еврейлердің Палестинадағы алты ғасырлық тарихы өте күрделі және шиеленіске толы болады.

Бір жағынан, иудейлердің бір бөлігі эллиндік мәдениеттің әсемділігі астында қалып, грек философиясы, театр, спорт және т.б. қызыға бастайды. Иудей ойшылдарының бір бөлігі грек философияның, онымен қалыптастырылған ұғымдық категория ықпалында қалады. Библияны ежелгі грек тіліне аударады. «Б.з.б. I ғасырда иудеизм Рим империясында өте берік орын алады: еврейлер халықтың оннан бір бөлігін құрайтын, ал Филон өмір сүрген Александрияда еврейлер жалпы халықтың кем дегенде қырық пайызын құрайтын еді», – деп жазады К. Армстронг.

**Палестинадағы иудаизм.** Эллинистік қоршаудағы Иудаизм шарасыз грек философиясының сынағына ұшырап отырған. Еврейлер гректің София – даналық сөзін өздерінше талқылап оны тақуалық деп түсінетін. К. Армстронг: «Даналық туралы мәтіндер Таяу Шығыста әдебиеттің дәстүрлі жанрына айналды. Оларда адам болмысының мәні философиялық пайымдар арқылы ашылған жоқ; мейлінше дұрыс өмір салты баяндалды. Ондай мәтіндер өте прагматикалық сипатта болды... «Тәмсілдерде» Даналық дербес тұлға ретінде суреттелді.

Эсхатология (ерте грек. – «түпкі», «соңғы» + «сөз», «білім») – ақырзаман, күнәдан арылу мен о дүниелік өмір, бүкіл әлем тағдыры мен сапалы жаңа хәлге өту жайлы діни түсінік. Пайғамбарлардан бірінші болып эсхатологияны екінші Исаяй жаратады.

**Иудаизм тармақтары.** Еврейлер арасында көптеген секталар пайда болады. Мәселен, «Оссиндер (ессеи) мен Құмран сектасының мүшелері Ғибадатханада сатқындық пен азғындық жайлап тұр. Сондықтан діндарлар Өлі теңіз жағасын жайлаған монахтық рухтағы қауымға ұқсаған кішігірім топтарда өмір сүруге мәжбүр деп есептеді... Ескі құрбандық шалу ғұрыптарының орнына тазару рәсімдерін енгізді, шоқындыру және бірге дәмдес болу арқылы күнәларынан арылды», – деп атап кетеді К. Армстронг.

«Қуғындағы иудаизм үшін тағы бір маңызды түсінік бұл – шекина. Скиния – бұл иудейлер үшін жорықтық ғибадатхана, шатыр. Иудейлердің ең ұлы киелі заты – өсиет қобдишасы, яғни Яхвемен келісімді білдіретін реликвияларға ие тасымалданатын сандық; Мұса кезеңі мен Иерусалим ғибадатханасы салынғалы бері жиналыс Скинияда болған. Енді сүргіндегі еврейлерде тағы да ғибадатханасы болмаған жағдайда, шекина (ежелгі евр. Шакан: «скинияда болу») түсінігі пайда болды. Шекина сөзінің мағынасы Құдайға жақындықты, оның халқының қасында болуын білдіреді.

**Иудаизм яхудиелер үшін.** Иудаизм осылайша адамға жақындап, адамилана бастайды, алайда оның руханиятынан еркектер айрықша құқықты болды. Әйелдерге Тораны зерттеп, синагогаларда сыйынуға тыйым салынды. К. Армстронг бұл жәйтке қатысты: «Әйелдердің діни міндеттері үйде ғұрыптық тазалықты сақтаумен шектелді. Еврейлерде ұлы болмысты дәріптеу әу бастан оның бір бөлігін екіншісінен ажырата алуды білдірді. Сондықтан олар осы әдетіне басып, асханада сүтті еттен алыс ұстағандай, әйелдер мен ерлердің арасын бөліп тастады.

## Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Топтастармен бірге Иовтың достары және Құдаймен диалогын оқыңыздар. Оны талдаңыздар.
2. «Экклезиаста» сөзін қалай түсінесіз? «Көп кемеңгерлікте көп қайғы бар; Танымды көбейткен, қасіретті көбейтеді» сіз мұнымен келісесіз бе? Олар иудаизм рухына сәйкес келе ме?
3. Талмуд деген не?
4. «Сен Өзіңді құтқардың, Құдай!» деген сөзді қалай түсінуге болады?
5. Иудаизмді қатігез діннен мейрімді дінге өзгеруі қалай болды?
6. Гректер мен иудаиздегі Кемеңгерлік дегеніміз не?
7. Гректер мен римдіктер үшін иудаизм несімен тартымды болды?



### Бақылау сұрақтары

1. Фарисей деген кімдер?
2. Эсхатология дегеніміз не?
3. Иудаизмдегі Мессия деген не?
4. Филона Александрийдің іліміндегі «усия» және «күштер» дегеніміз не?
5. «Құдай – әлемнің мекені, бірақ әлем – Оның мекені емес» деген түсінікті қалай түсінесіз?
6. Иудаизмдегі әйелдердің жағдайы қандай болды?